

## Көшеге атау беру туралы

Қызылорда облысы Шиелі ауданы Керделі ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 134 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 8 қазанда № 6450 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 09 тамыздағы № 3 қорытындысына сәйкес, Керделі ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шиелі ауданының Керделі ауылдық округінің Нартай Бекежанов елді мекеніндегі жаңа көшеге "Жұмабек Төлімбетов" есімі берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Керделі ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы А.Мыхановаға жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Керделі ауылдық округінің әкімі*

*Ф. Ержан*